*«Келісілді»*

*«Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК-ның басшысы*

*__________Ә.Сәлімбеков*

*«07» 11. 2024 ж*

**Түркістан облыстық психикалық денсаулық орталығы кәсіпорын қызметкерлерін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша 4-тоқсандағы түсіндіру іс-шараларының отырысының**

**ХАТТАМАСЫ № 04**

**Шымкент қаласы** «07» **қараша 2024 жыл**

Төрайымы: Аймаханбетова Д– кәсіпорын 14-бөлім меңгерушісі;
Хатшы: Махан Б - заңгер – кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызмет функцияларын орындайтын маман
Қатысқан адамдар саны: 51 (Әкімшілік қызметкерлері мен бөлім меңгерушілер)

**Күн Тәртібінде**:

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары**
**(ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы);**

**Тыңдалды:** Аймаханбетова Д – бөлім меңгерушісі;

Мекеменің Әкімшілік қызметкерлері мен бөлім меңгерушілеріне, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметістері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағиданың 2-тарау 15-тармағында қаралған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналган ақпарат көздері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

**Тыңдалды**: Махан Б – комплаенс-офицері

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ заңы, оның ішінде мүдделер қақтығысын реттеу. Жақын туыстары (ата-аналары (атааналары),

Балалары, асырап алушылары, асырап алушылары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу кезінде аффилиирлену фактілері анықталмағаны туралы баяндалды.

Мүдделер қақтығысының алдын алудың негізгі шаралары:

- қызметкерлердің заңнамада, кәсіпорын Жарғысында, өзге де ішкі нормативтік актілерде, лауазымдық нұсқаулықтарда белгіленген міндеттерді қатаң сақтауы;

- жауапкершілік, өкілеттік және есеп беру салаларын нақты ажырататын кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекіту және қолдау корпоративтік Этика кодексінде мүдделер қақтығысын болдырмау көзделген.

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері мүдделер қақтығысынан босатылған ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдауға жауапты.

Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында кез келген деңгейдегі кәсіпорын қызметкері:

1) өзінің жақын туыстары атқаратын лауазымдарға тікелей бағыныстағы лауазымдарды атқара алмайды;

2) өзіне Кәсіпорынның корпоративтік ресурстары, оның лауазымдық жағдайы немесе лауазымдық міндеттерін атқару салдарынан алған ақпараты берген мүмкіндіктерді өз мүддесіне немесе жеке басының пайдасына пайдалануға тиіс емес;

3) кәсіпорын мен өзі, оның жақын туыстарының кез келгені немесе ол немесе оның жақын туыстары байланысты ұйымдар арасындағы кез келген қатынастар бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға тікелей қатыспауға тиіс;

4) мүдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін қандай да бір қызметке қатыспауға тиіс;

5) кәсіпорынмен байланысты мәмілелерде, шарттарда, жобаларда немесе кәсіпорынның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен өзге де мәселелерге байланысты кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік (тікелей немесе жанама) туралы дереу хабарлауға; тараптардың заңды мүдделерін ескере отырып,

Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде жанжалдарды шешуге күш салуға тиіс. кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлықтың көріну фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан жанжал түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы"заңнамасына сәйкес көрсетіледі. Мемлекеттік қызметтер "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 07.07.2020 жылғы Кодексі және "денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 04 қарашадағы №180 бұйрығы негізінде көрсетіледі.

Бас дәрігердің орынбасарлары мен бөлімше меңгерушілері Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуын, сондай-ақ

оларды көрсету сапасын (мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерінде көрсетілмеген қосымша құжаттарды талап етуге тыйым салу) қамтамасыз етеді.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- Мемлекеттік қызмет көрсетудің нақты процестерінің сәйкес келмеуі;

- Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің дұрыс жұмыс істемеуі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар мониторингінің нәтижелері бойынша қызметкерлерге қатысты анықталған жоқ. Кәсіпорын қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардан өтініштер түскен жоқ.

Азаматтардың шағымдары мен өтініштерін талдау "callорталықтың"телефондары арқылы тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

- өтініштерге жауап беру мерзімдерін бұзу;

- негізделген өтінішпен басқарушылық шешімдердің болмауы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша лауазымдық, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану фактілері анықталған жоқ.

**Шешім:**

1. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алуды бақылауды күшейту, "Облыстық психикалық денсаулық орталығы" ШЖҚ МКК қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыру туралы ұсынымдар берілді.
2.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар одан ары қарай жандандырылсын.

**Төрайымы:** **Аймаханбетова Д**

**хатшы:** **Махан Б**


МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕР
ҚҰТТЫ БОЛСЫ





